

АСТАНА
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ



МЕЖДУНАРОДНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ
АСТАНА

«БЕКІТЕМІН»

Астана халықаралық
университетінің
Ректоры Мырзағалиева А.Б.



2026 ж.

**«ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА» АТТЫ ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТАРДЫҢ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕСІ**

«КЕЛІСІЛДІ»

Жоғары экономика мектебінің
деканы Смагулова З.К.

« OS » 02 2026 ж. (қолы)

Астана 2026 ж.

«КЛИМАТТЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА: СЫН-ҚАТЕРЛЕР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР» АТТЫ ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Байқауды ұйымдастырушы – Астана халықаралық университетінің (AIU) Экономика жоғары мектебі (ЭЖМ).

1.2 Байқау осы Ережеге сәйкес өткізіледі.

1.3 Байқаудың мәртебесі – халықаралық.

1.4 Ұйымдастыру комитеті байқауды өткізу және қатысушыларға кәсіби дамуға қосымша мүмкіндіктер ұсыну үшін компанияларды, қауымдастықтарды және басқа да заңды тұлғаларды серіктестер (демеушілер) ретінде тартуға құқылы.

2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мақсаты: Байқаудың мақсаты – жаһандық экологиялық сын-қатерлер жағдайында жасыл экономика мен тұрақты дамуды дамытуға бағытталған ғылыми зерттеулерді ынталандыру.

Міндеттері:

- Оқу жастар арасында жасыл экономика туралы білімді тарату;
- Жасыл экономика принциптері мен тәжірибелерін насихаттау;
- Табиғи ресурстарға жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастыру;
- Тұрақты даму, экология және ESG-инициативалар саласындағы ғылыми зерттеулерді дамыту;
- Жасыл экономика саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
- Тұрақты технологияларды экономиканың түрлі салаларына енгізуге жәрдемдесу.

3. БАЙҚАУ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

3.1 Қатысуға шақырылады: 10–11 сынып оқушылары, жоғары оқу орындарының студенттері, магистранттары және докторанттары, экономика, басқару және байланысты пәндер саласында ғылыми зерттеулер мен жобалармен айналысатын, жасыл технологияларды дамытуға және экологиялық тұрақты шешімдерге бағытталған өз зерттеулері, жобалары мен бастамаларын ұсынғысы келетін тұлғалар.

3.2 Байқауға қатысу топтық түрде жүзеге асырылады (топта ең көп дегенде 3 адам).

3.3 Қатысу үшін белгіленген үлгідегі өтінішті беру қажет, оған байқау талаптарына сәйкес орындалған конкурс жұмысы қосылады (1-қосымша).

3.4 Байқау қатысушыларына жаңалықтар, ұйымдастырудағы өзгерістер, нәтижелер және байқауға қатысты басқа да ақпаратты хабарлау келесі арналардың бірі арқылы жүзеге асырылады:

- Astana International University ресми сайтында ақпаратты ашық түрде орналастыру және Экономика жоғары мектебінің Instagram парақшасында жариялау;
- қатысушы байқауға тіркелген кезде көрсеткен электрондық пошта мекенжайына ақпарат жіберу.

4. КОНКУРС ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ФОРМАТТАРЫ

4.1 Жұмыстар келесі форматтарда ұсынылуы мүмкін:

- презентация (15–20 слайд);
- аналитикалық зерттеу (10 бетке дейін);
- ғылыми жобаны таныстыру мақсатындағы бейнеролик (5 минутқа дейін).

4.2 Байқауға жұмыс Ереженің п.5 сәйкес бір тақырыптық бағыт бойынша ұсынылуы мүмкін, топтық түрде (ең көп дегенде 3 соавтор).

5. БАЙҚАУ ТАҚЫРЫПТАРЫ

5.1 ESG стандарттары және корпоративтік жауапкершілік: ESG принциптерін бизнес-модельдерге интеграциялау, компаниялардың тұрақты дамуы, қаржылық емес есеп беру.

5.2 Мемлекеттік саясат және жасыл экономика: халықаралық келісімдер мен ұлттық стратегиялардың рөлі, тұрақты дамуды қолдауға арналған мемлекеттік реттеу және қолдау механизмдері.

5.3 Қайта жаңартылатын энергия көздерін (ҚЖЭК) енгізудің экономикалық тиімділігі: күн, жел және су энергетикасына өту кезінде шығындар мен тиімділікті талдау, сондай-ақ эко-жобалардың макро деңгейдегі қайтарым мерзімін бағалау.

5.4 Ұлттық есеп жүйесінде табиғи капиталды бағалау әдістері: табиғи ресурстарды (орман, су, таза ауа) мемлекеттің активтері ретінде экономикалық өлшеу тәсілдерін әзірлеу, елдің әл-ауқатын дәлірек есептеу үшін.

5.5 Қайта өңдеу экономикасы: қалдықтарды қайта өңдеу тәжірибелерін зерттеу, бастапқы қалпына келмейтін ресурстарды минимизациялау стратегиялары және өндірістік процестерге қайта өңдеу технологияларын енгізу.

5.6 Жасыл жеткізілім тізбегін басқару (Green Supply Chain Management): логистиканы және жеткізушілерді олардың экологиялық ізін ескере отырып оңтайландыру, сондай-ақ өнімнің өмірлік циклінің барлық кезеңінде экологиялық стандарттарды енгізу.

5.7 Эко-инновациялар заманауи корпорациялардың тұрақты дамуының факторы ретінде: жаңа «таза» технологияларды енгізудің ұзақ мерзімді өміршеңдік пен бизнестің этикалық өсуіндегі рөлі.

5.8 Төмен көміртекті экономикаға өту жағдайында адам капиталын басқару: «жасыл» экономиканың салаларында жұмыс істеуге кадрларды дайындау және қайта оқыту, экологиялық жауапкершілік корпоративтік мәдениетін дамыту.

5.9 Жасыл облигациялар нарығы: арнайы қарыз құралдарын шығару механизмдерін зерттеу, оның қаражаттары тек экологиялық және климаттық жобаларды жүзеге асыруға бағытталады.

5.10 Тұрақты қаржыландыруды дамытуда финтех шешімдерінің рөлі: жасыл инвестицияларды мақсатты пайдалануды ашық бақылау үшін сандық платформаларды, блокчейн мен ЖИ қолдану.

5.11 «Ақылды және жасыл қала» стратегияларын әзірлеу: қалалық аумақтарды дамыту кешенді жоспарларын құру, энергия тиімділігіне, эко-көлік пен ресурстарды басқарудың цифрлануына басымдық беру.

5.12 Аймақтық деңгейде жауапты тұтынуды ынталандыру саясаты: азаматтар мен бизнестің экологиялық мінез-құлқын қолдауға арналған салықтық жеңілдіктер, субсидиялар және білім беру бағдарламаларын енгізу.

5.13 Жасыл брендинг: экологиялық жауапты компания имиджін қалыптастыру, репутацияны басқару және гринвошингпен (өнімді экологиялық деп жалған көрсету) күресу әдістері.

5.14 Эко-өнімдерді жаһандық нарықтарда насихаттаудың маркетингтік стратегиялары: халықаралық экологиялық стандарттар мен шетелдік тұтынушылардың құндылықтарына сәйкес коммуникациялық кампанияларды бейімдеу.

5.15 Аймақтық деңгейде жасыл экономикада экотуризмді дамыту саясаты: экологиялық тұрақты туризм стандарттарын енгізу, экотуристтік жобаларды гранттар мен субсидиялар арқылы қолдау, туристер мен жергілікті қоғамдастықтарды экологиялық сауаттандыру.

5.16 Табиғи және мәдени мұраны экотуризм арқылы сақтау саясаты: ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға антропогендік әсерді шектеу, экологиялық жауапты туристік маршруттарды дамыту, жергілікті қоғамдастықтарды туристік ресурстарды басқаруға және қорғауға тарту.

6. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМДЕРІ

6.1 Байқау ағымдағы жылдың 9 ақпанынан 9 наурызына дейін өткізіледі.

6.2 Тіркелу (өтініш беру) және конкурс жұмысты электрондық түрде greenschoolaiu@bk.ru мекенжайына жіберу ағымдағы жылдың 9 ақпанынан 9 наурызына дейін жүзеге асырылады.

6.3 Жұмыстарды бағалау – байқау қазылар алқасы 30 наурызға дейін жүргізеді.

6.4 Нәтижелерді қорытындылау және жариялау – 20 сәуірге дейін.

6.5 Байқау нәтижелері туралы ақпарат Astana International University ресми сайтында және Экономика жоғары мектебінің Instagram парақшасында орналастырылады; қатысу туралы электрондық нұсқадағы марапаттау құжаттары байқау нәтижелері жарияланғаннан кейін 10 күн ішінде жіберіледі.

7. БАЙҚАУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ ҚҰРЫЛЫМЫ

7.1 Байқауды жалпы басқару, іс-шараларды сапалы ұйымдастыру, сондай-ақ үйлестірілген әрекеттер мен байқауды ұйымдастыру үшін қажетті біртұтас тәсілдерді қамтамасыз ету мақсатында байқаудың ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) құрылады.

7.2 Ұйымдастыру комитетінің құрамына байқауды өткізуге қатысатын ұйымдардың өкілдері, соның ішінде AIU Экономика жоғары мектебінің профессорлық-оқытушылық құрамының мүшелері енгізіледі. Байқау ұйымдастырушылары құрамына ғылыми қызметкерлерді, сарапшыларды, сондай-ақ серіктестердің, жұмыс берушілер мен қоғам өкілдерінің өкілдерін қоса алады.

7.3 Ұйымдастыру комитетінің міндеттері:

- қазылар алқасының құрамын және оның қызмет тәртібін анықтау;
- байқаудың тақырыптық бағыттарын әзірлеу және оларды орындау нәтижелерін бағалау критерийлерін қалыптастыру;
- байқауға ақпараттық қолдау көрсету: AIU ақпараттық ресурстарында, бірлескен ұйымдастырушылар сайтында, әлеуметтік желілерде және бұқаралық ақпарат құралдарында байқауды насихаттау.

7.4 Қазылар алқасы:

- қатысушылардың жұмыстарын тексеру және бағалау;
- Ұйымдастыру комитеті әзірлеген критерийлерге сәйкес байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау;
- қазылар алқасының отырысы құзыретті болып саналады, егер оның жартысынан көбі қатысса, шешім отырысқа қатысқан мүшелердің көпшілігінің даусымен қабылданады;
- байқауды өткізуге қажетті басқа функцияларды орындау.

7.5 Байқауды ұйымдастыру және өткізуге қатысты ресми ақпарат, соның ішінде байқау ережесі, байқау тақырыптарының тізімі, байқаудың басталу туралы хабарландыру AIU ресми сайтында орналастырылады.

7.6 Ережеде қарастырылмаған байқауды өткізу мәселелері Ұйымдастыру комитетімен шешіледі.

7.7 Ұйымдастыру комитетінің құрамы AIU локалды нормативтік актісімен бекітіледі. Қазылар алқасының құрамы Ұйымдастыру комитетінің шешімімен бекітіледі.

8. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ

8.1 Байқауға қатысу ерікті негізде жүзеге асырылады және ұйымдық жарна талап етілмейді.

8.2 Байқау қатысушылары 1-қосымшада көрсетілген үлгідегі өтінішті толтырады.

8.3 Конкурс жұмыстарына қойылатын талаптар және оларды бағалау критерийлері 2-қосымшада көрсетілген.

8.4 Ағымдағы жылдың 9 наурызынан кейін жіберілген жұмыстар қарауға қабылданбайды.

8.5 Байқауға ұсынылған материалдар қайтарылмайды, конкурс жұмыстарына рецензия берілмейді.

9. БАЙҚАУ НӘТИЖЕЛЕРІН ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

9.1 Жұмыстар қатысушылар категориялары бойынша бағаланады:

- Мектеп оқушылары;
- Студенттер;
- Магистранттар;
- Докторанттар.

9.2 Байқау жеңімпаздары – сәйкес категорияда ең көп дауыс (ұпай) жинаған қатысушылар.

9.3 Барлық байқау қатысушылары қатысу сертификатымен марапатталады, ал әр категориядағы жеңімпаздар дипломдармен марапатталады.

Құрастырушылар:

Жасыл экономика мектебінің жетекшісі _____ Г.Т. Лесбаева

Жасыл экономика мектебінің тең жетекшісі _____ Г.К. Байбаш

ҚОСЫМША 1

«КЛИМАТТЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА: СЫН-ҚАТЕРЛЕР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТАР БАЙҚАУЫНА ҚАТЫСУ ӨТІНІШІ

1. Қатысушылардың толық аты-жөні	
1. Қатысушылардың электрондық поштасы және байланыс телефоны	
2. Конкурс жұмысының атауы	
3. Байқаудың тақырыптық бағыты	
4. Қатысушы категориясы: - Мектеп оқушылары; - Жоғары оқу орны студенттері (курс көрсетіледі); - Жоғары оқу орны магистранттары (курс көрсетіледі); - Жоғары оқу орны докторанттары (курс көрсетіледі).	
5. Ғылыми жетекшінің толық аты-жөні, байланыс телефоны, электрондық поштасы	
1. Конкурс жұмысы орындалған ұйымның толық атауы	
2. Ұйымның электрондық поштасы және мекенжайы	

**КОНКУРС ЖҰМЫСТАРЫН ӨТКІЗУ ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ
БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

ПРЕЗЕНТАЦИЯҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Презентация көлемі Microsoft Office PowerPoint бағдарламасында 15–20 слайдтан тұруы тиіс. Презентация электрондық түрде қабылданады. Слайдтарда тек тезистер, негізгі сөз тіркестері және графикалық ақпарат (суреттер, диаграммалар және т.б.) болуы керек – олар баяндамашылардың ойларын толық түсіндіруге қосымша болып табылады, керісінше емес. Шрифттері қайырықсыз (sans-serif) қолдану ұсынылады. Шрифт өлшемдері: Тақырыптар: 36–54 пт, негізгі мәтін: 24–36 пт. Курсив, асты сызылған, қою қаріп және бас әріптер тек негізгі ақпаратты немесе тақырыптарды бөліп көрсету үшін қолданылады. 2–3 типтен артық шрифт қолдануға болмайды. Негізгі мәтін тігінен форматталуы тиіс, схемалар мен диаграммалар – ортасына қойылуы керек.

Фонға қойылатын талаптар:

- Біртекті, жұмсақ пастель реңктері (мысалы, ашық жасыл, ашық көк, бежевый, ашық сары немесе ашық қызғылт сары)
- Мәтін мен фон түстері контрастылы болуы керек, мәтін анық оқылуы тиіс

Графикалық ақпарат:

1. Суреттер, фотосуреттер, диаграммалар мазмұнды болуы және аталымдармен бірге берілуі тиіс;
2. Суреттер (jpg форматында) файл көлемін азайту үшін алдын ала өңделгені дұрыс;
3. Бір графикалық объектінің өлшемі слайдтың 1/2 бөлігінен аспауы тиіс;
4. Мәтін мен сурет қатынасы – 2/3 (мәтін суреттерге қарағанда аз болуы тиіс).

Слайдтардың реті (мысалмен):

- 1-слайд – Титулдық (ұйым атауы, жұмыс атауы, қатысушылардың толық аты-жөні, ғылыми жетекші, күн);
- 2-слайд – Кіріспе (мәселені қою, өзектілігі мен жаңалығы, жұмыс қай материалдарға негізделген);
- 3-слайд – Жұмыстың мақсаты мен міндеттері;
- 4-слайд – Жұмыста қолданылған әдістер;
- 5–9 слайд – Негізгі бөлім;
- 10-слайд – Қорытынды (жасалған тұжырымдар);
- 11-слайд – Негізгі қолданылған әдебиеттер тізімі;
- 12-слайд – Назар аударғандарыңызға рахмет! (қолтаңба, мүмкін ғылыми жетекшілерге, рецензенттерге және/немесе көмек көрсеткендерге алғыс білдіру).

Негізгі мақсат: Презентацияда тақырыпты конкурс тақырыбына сәйкес толық ашу.

Жұмысқа қойылатын талаптар:

- Презентация ғылыми зерттеудің негізгі аспектілерін – мәселе, мақсат, методология, нәтижелер және қорытындыларды – көрнекі түрде көрсетуі тиіс;
- Презентация құрылымы логикалық және ұдайы болуы керек;
- Графиктер, диаграммалар, схемалар және басқа визуалды элементтерді қолдану ұсынылады;
- Мәтін қысқа, нақты және түсінікті болуы қажет;
- Слайдтарды басқа көздерден авторлық құқықты көрсетпей көшіріп қолдануға тыйым салынады.

Бағалау критерийлері:

- Ақпараттылығы мен мазмұнның толықтығы – 20%;
- Визуалды безендіру сапасы – 20%;
- Құрылымның логикалық болуы және баяндау реті – 20%;
- Формулировкалардың анықтығы және ақпараттың қолжетімділігі – 20%;
- Материалды ұсынудың түпнұсқалығы – 20%.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Көлемі: 15 бетке дейін (титулдық бет пен пайдаланылған әдебиеттер тізімін қоспағанда). Файл форматы: PDF немесе DOCX. Шрифт: Times New Roman, өлшемі 12. Қатар аралығы: 1,5. Шеттері: барлық жағынан 2 см. Мәтінді туралау: ені бойынша.

Жұмыстың құрылымы:

1. Титулдық бет (жұмыс атауы, авторлардың толық аты-жөні, университет, ғылыми жетекші, байланыс деректері).
2. Кіріспе (тақырыптың өзектілігі, мақсаты, зерттеу міндеттері).
3. Негізгі бөлім (методология, талдау, зерттеу нәтижелері).
4. Қорытынды (тұжырымдар мен ұсыныстар).
5. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Жұмысқа қойылатын талаптар:

- Жұмыс жасыл экономиканың мәселелері мен перспективаларына арналған түпнұсқа аналитикалық зерттеу болуы тиіс;
- Тақырыптың өзектілігін негіздеу, зерттеу міндетін қою, методологияны сипаттау, алынған деректерді талдау және қорытындылар болуы қажет;
- Жүргізілген талдауды растайтын ғылыми дереккөздерге сілтеме міндетті;
- Жұмыс плагиатты болмауы тиіс (түпнұсқалық деңгейі кемінде 80%);
- Иллюстрациялық материалдарды (графиктер, диаграммалар, кестелер) қолдануға болады, бірақ олар мәтіннің жалпы көлемінің 20%-дан аспауы керек.

Бағалау критерийлері:

- Тақырыптың өзектілігі – 20%;
- Талдаудың тереңдігі және ғылыми әдістерді қолдану – 20%;
- Нәтижелердің жаңалығы және практикалық маңызы – 20%;
- Материалды баяндау логикасы және реттілігі – 20%;
- Жұмысты рәсімдеу және талаптарға сәйкестігі – 20%.

ҒЫЛЫМИ ЖОБАНЫҢ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫМЕН БЕЙНЕРОЛИК

Ұзақтығы: 5 минутқа дейін. Файл форматы: MP4, AVI, MOV. Ажыратымдылығы: кемінде 720р. Мазмұны:

1. Авторларды және зерттеу тақырыбын таныстыру.
2. Мәселені сипаттау және жұмыстың мақсаты.
3. Негізгі қорытындылар және практикалық қолдану.
4. Көрнекі материалдар (графиктер, схемалар, мысалдар).
5. Қорытынды резюме және соңғы сөздер.

Жұмысқа қойылатын талаптар:

- Бейнеролик жасыл экономикамен байланысты ғылыми жобаның мазмұнды презентациясы болуы тиіс;
- Анық құрылым болуы керек: тақырыпты таныстыру, мәселені қою, зерттеу мақсаттары мен міндеттері, негізгі қорытындылар және практикалық қолдану;
- Инфографика, анимация, сұхбат, эксперименттер және жұмыстың нәтижелерін растайтын демонстрациялар қолдануға болады;
- Бейнематериал түпнұсқа болуы тиіс, сырт көздерден алынған материалдарды пайдалануға болмайды (авторлық графиктер мен диаграммаларды қолдануға болады);
- Дыбыс жазбасы немесе субтитрлер анық және тыңдауға ыңғайлы болуы керек.

Бағалау критерийлері:

- Баяндаудың анықтығы және сенімділігі – 20%;
- Көрнекі материалдардың сапасы – 20%;
- Материалды ұсынудың түпнұсқалығы – 20%;
- Жобаның практикалық маңызы – 20%;
- Уақыттық шектеулерге және техникалық талаптарға сәйкестігі – 20%.